

2011 жылы егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдерін және субсидия алушылардың тізіміне қосуға өтінімдерді ұсыну мерзімдерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 27 сәуірдегі № 106 қаулысы. Қостанай облысы Қарасу ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 24 мамырда № 9-13-129 тіркелді. Қаулы қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 10 сәуірдегі № 09-04/568 хаты)

Ескерту. Қаулы қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімдігінің 2012.04.10 № 09-04/568 хаты).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 1-тармағының 5) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 Қаулысымен бекітілген өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасы ережесінің 10-тармағына сәйкес Қарасу ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша 2011 жылы Қарасу ауданының аумағында егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының мынадай оңтайлы мерзімдері белгіленсін:

- 1) дәнді дақылдар 15 мамырдан бастап 5 маусымға дейін;
- 2) майлы дақылдар 18 мамырдан бастап 30 мамырға дейін;
- 3) бір жылдық шөптер 15 мамырдан бастап 5 маусымға дейін;
- 4) көпжылдық шөптер 10 мамырдан бастап 31 мамырға дейін;
- 5) жүгері 15 мамырдан бастап 31 мамырға дейін;
- 6) картоп 10 мамырдан бастап 31 мамырға дейін;
- 7) көкөніс дақылдар 10 мамырдан бастап 10 маусымға дейін.

2. Субсидия алушылардың тізіміне қосуға өтінімдерді ұсыну мерзімдері 2011 жылғы 20 мамырдан бастап 5 маусымға дейін деп белгіленсін.

3. Осы қаулы оны алғаш ресми жариялағаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Сейфуллин

КЕЛІСІЛДІ:

*"Қарасу ауданы әкімдігінің
кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы
және ветеринария бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы*

_____ *Е. Балжақиев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК